

Қарабұлақ ауылдық округі Қарабұлақ ауылы Абай көшесі № 1, № 1/9, № 2, № 3, № 4, № 5, № 6, № 7 және № 49А тұрғын үйлер аралығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 24 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 сәуірде 6142 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 28 маусымдағы № 38 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 28.06.2021 № 38 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 08-02-03/200 ұсынысына сәйкес және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бруцеллез ауруының ошағы анықталуына байланысты Қарабұлақ ауылдық округі Қарабұлақ ауылы Абай көшесі № 1, № 1/9, № 2, № 3, № 4, № 5, № 6, № 7 және № 49А тұрғын үйлер аралығына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысы Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі

М. Шадиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК